

УДК 378.016
МРНТИ 14.35.05

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОО СТУДЕНТТЕРІН РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТҮРҒЫСЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.Т. АҚЫЖАНОВА

Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті

Аңдатпа: бұл мақалада техникалық жоғары оқу орындары студенттеріне рухани тәрбие беру мәселесі қаралады.

Жоғары мектептің, оның оқытушыларының негізгі мәселелік міндеті – студенттерді болашақ белсенді шығармашылық жұмысқа даярлау. Бұл үшін жоғары мектеп оқу үрдісінің негізгі бағыттарына жаңадан не енгізілуі тиіс екенін нақты анықтап алу қажет.

Мамандарды даярлау сапасын түбегейлі күрт әрі қарқынды дамыту мақсатында осының бәрі қалай, қандай тәсілдермен және қандай түрде енгізілетінін шешіп алу да маңызды. Бұл мәселенің маңызы Қазақстан Республикасында соңғы жылдары қабылданған «Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы», т.б. көптеген мемлекеттік бағдарламаларға сай еселеніп арта түседі. Бұл бағдарламалар негізінде жоғары мектеп басшылығы, профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер алдында үш маңызды мәселені шешу қажеттігі туындайды: 1. Әлеуметтік сұраныстың тұрақты мәселелері (ұзақ мерзімдік); 2. Даму мәселелері – жаңа және жаңарып тұратын мәселелер; 3. Оқытушылық және ғылыми жұмысты жетілдіру және педагогикалық шеберлікті қалыптастыру мәселелері. Бұл мәселелерге студенттердің жұмысын жеке тұлғаға бағыттап, шығармашылық белсенділігі мен өз бетімен әрекет ету қасиеттерін дамытуды қайта құру да кіреді.

Бұл кешенді мәселелерді шешудің негізін жоғары білімнің басты үш құрамдас бөлімі түзеді:

- білімнің беріктігі және үздіксіздігі;
- кәсіптік даярлықтың сенімділігі (өмірлік-шығармашылық);
- зиялы адамның жоғары жалпы ғылыми, адамгершілік және дүниетанымдық мәдениеті. Тұрақты міндеттер кешеніне:
- оқытушылар мен студенттердің оқу, ғылыми, ізденіс жұмыстарын жетілдіру;
- тәуелсіз Қазақстан Республикасының ұлттық саясатына негізделген рухани тәрбие жұмысын үздіксіз жетілдіру;
- студенттердің болашақтағы кәсіби жұмысына қызығушылығы мен құрметін арттыру;
- студенттердің өзбетімен ізденуін белсендіру, білім алу және жаңарту дағдылары мен қажеттігін, өзін-өзі тәрбиелеудің жоғары мәдениетін сіңіру;
- студенттерде өзбетімен әрекет ету, намысқойлық, жауапкершілік, еңбекқорлық, сөзіне беріктік қасиеттеріне негізделген белсенді өмірлік ұстаным қалыптастыру;
- қоғамға жат кез келген қылықтар мен арандатушылық идеологияларға төзбеушілікті қалыптастырып, дамыту.

Бұл міндеттерді шешуге білім беру, тәрбие, ғылыми ізденіс және ұстаздың жеке үлгісі жұмылдырылады.

Түйінді сөздер: рухани-адамгершілік қалыптасу, белсенді шығармашылық жұмыс, оқу үрдісі, тәрбие жұмысы, адамгершілік, идеялық тұрақтылық

PROBLEMS OF MORAL AND SPIRITUAL FORMATION OF TECHNICAL UNIVERSITY STUDENTS

Abstract: This article deals with problems of moral and spiritual development of technical university students. The main task of a higher school is to prepare the students for a future creative work. To do this, it is necessary to clearly define what innovations should be introduced into educational process, as it causes the need to

improve the entire system of educational and research activities. The importance of this problem is especially increasing with adoption of the State Program for the Development of Education in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020. University staff and the students need to solve three major sets of tasks: 1. Stable tasks of social order (long-term). 2. New and updated tasks 3. Tasks of improving teaching and research activities by development of pedagogical skills. These tasks also include the restructuring of student activities on the basis of its individualization, creative activity and independence.

The base for solving these sets of tasks consists of three main components of higher education:

- fundamentalization and continuity of education;
- reliability of professional training;
- scientific, moral and ideological culture of an intelligent person.

The complex of stable tasks includes the following:

- improvement of educational, scientific, and research activities of teachers and students;
- the steady development of ideological and educational work on the basis of a national policy of the Republic of Kazakhstan;
- development of students' interest for future professional work;
- intensification of independent search work, development of skills and acquiring knowledge;
- formation of an active life position of students as well as their dignity, commitment and discipline by hard work;
- formation and development of active irreconcilability towards a hostile ideology and any manifestation of antisocial actions.

Keywords: spiritual and moral development, active creative work, educational process, activity, humanism and ideological firmness

ПРОБЛЕМЫ ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОГО ФОРМИРОВАНИЯ СТУДЕНТОВ ТЕХНИЧЕСКОГО ВУЗА

Аннотация: В данной статье рассматриваются проблемы духовно-нравственного формирования студентов технического вуза. Главная проблемная задача высшей школы, ее преподавателей – подготовка студентов к будущей активной творческой работе. Для этого необходимо четко определить, что новое должно внедряться в учебный процесс высшей школы, в основных направлениях это вызывает необходимость совершенствования всей системы учебно-воспитательной и научно-поисковой деятельности. Не менее важно как и какими средствами, формами, методами это все должно внедряться в целях интенсификации и резкого, конструктивного повышения качества подготовки специалистов. Особенно возрастает значение этой проблемы в связи с принятием Государственной программы развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы. Перед руководством, профессорско-преподавательским составом и студентами высшей школы на основе этой программы возникает необходимость решения трех важнейших комплексов задач: 1) стабильных задач социального заказа (долговременных); 2) новых и обновляемых задач – задач развития; 3) задач совершенствования преподавательской и научной деятельности и формирования педагогического мастерства. К этим задачам относится также перестройка студенческой деятельности на основе ее индивидуализации, творческой активности и самостоятельности.

Для решения этих задач вовлекаются образование, воспитание, научное исследование и личный пример преподавателей.

Ключевые слова: духовно-нравственное становление, активная творческая работа, учебный процесс, воспитательная деятельность, гуманизм, идейная стойкость

Адалдықты марапаттағыңыз келсе, мейірімділікті мадақтағыңыз келсе, жалқауларды,
ұқытсыздарды утермелегіңіз келсе, жамандықты (кеселді) жойып, кемшілікті түзегіңіз
келсе, азарту – жан-жақты, кеңінен азарту – міне, керекті жалғыз іс, міне, жалғыз
лайықты, орынды міндет.

Ч. Диккенс

Жоғары мектептің, оның оқытушыларының негізгі мәселелік міндеті – студенттерді болашақ белсенді шығармашылық жұмысқа даярлау. Қазіргі кездегі ғылым мен техниканың дамуын ескерсек, жоғары мектептегі білім беру мен ғылымның байланысы бүкіл оқу-тәрбие және ғылыми-ізденіс жұмыстары жүйесін жетілдіру қажеттілігін тудырып отыр. Бұл үшін жоғары мектеп оқу үрдісінің негізгі бағыттарына жаңадан не енгізілуі тиіс екенін нақты анықтап алу қажет.

Мамандарды даярлау сапасын түбегейлі күрт әрі қарқынды дамыту мақсатында осының бәрі қалай, қандай тәсілдермен және қандай түрде енгізілетінін шешіп алу да маңызды. Бұл мәселенің маңызы Қазақстан Республикасында соңғы жылдары қабылданған көптеген мемлекеттік бағдарламаларға сай («Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы», «Қазақстанды цифрландыру», «Рухани жаңғыру», осының жалғасы ретіндегі «Ұлы даланың жеті қыры») еселеніп арта түседі. Бұл бағдарламалар негізінде жоғары мектеп басшылығы, профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер алдында үш маңызы зор кешенді мәселені шешу қажеттігі туындайды: 1. Әлеуметтік сұраныстың тұрақты мәселелері (ұзақ мерзімдік); 2. Даму мәселелері – жаңа және жаңарып тұратын мәселелер; 3. Оқытушылық және ғылыми жұмысты жетілдіру және педагогикалық шеберлікті қалыптастыру мәселелері. Бұл мәселелерге студенттердің жұмысын жеке тұлғаға бағыттап, шығармашылық белсенділігі мен өз бетімен әрекет ету қасиеттерін дамытуды қайта құруда кіреді.

Бұл кешенді мәселелерді шешудің негізін жоғары білімнің басты үш құрамдас бөлімі түзеді:

- білімнің беріктігі және үздіксіздігі;
 - кәсіптік даярлықтың сенімділігі (өмірлік-шығармашылық);
 - зиялы адамның жоғары жалпы ғылыми, адамгершілік және дүниетанымдық мәдениеті.
- Тұрақты міндеттер кешеніне:
- оқытушылар мен студенттердің оқу, ғылыми, ізденіс жұмыстарын жетілдіру;
 - тәуелсіз Қазақстан Республикасының

ұлттық саясатына негізделген рухани тәрбие жұмысын үздіксіз жетілдіру;

– студенттердің болашақтағы кәсіби жұмысына қызығушылығы мен құрметін арттыру;

– студенттердің өзбетімен ізденуін белсендіру, білім алу және жаңарту дағдылары мен қажеттігін, ойлау әрекеті, өзбетімен білім алу, өзін-өзі тәрбиелеудің жоғары мәдениетін сіңіру;

– студенттерде өзбетімен әрекет ету, намысқойлық, жауапкершілік, тәртіптілік, еңбекқорлық, сөзіне беріктік қасиеттеріне негізделген белсенді өмірлік ұстаным қалыптастыру;

– қоғамға жат кез келген қылықтар мен арандатышылық идеологияларға белсенді төзбеушілікті қалыптастырып, дамыту.

Бұл міндеттерді шешуге білім беру, тәрбие, ғылыми ізденіс және ұстаздың жеке үлгісі жұмылдырылады.

Дамытудың жаңа кешенді міндеттері жоғары білімді қарқынды дамыту міндеттерінен тұрады. Жоғары мектепті қарқындату дегеніміз – оқытудың, әсер етудің инновациялық әдістерін, тиімді құралдарын шығармашылықпен қолдана отырып, ғылыми-танымдық әрекеттің нәтижесін жақсарту, күшейту.

Қарқындату (Интенсификация) – білім беруде ұйымдастыруды, даярлауды, жоспарлауды басқару мен бақылауды жетілдіру. Қарқындату бұл – студенттердің танымдық әрекетін белсендіру, талдамалы (аналитикалық) ойлауын, өзін-өзі бағалауын, өзбетімен білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын дамыту,

Жаңа кешенді міндеттерді шешу еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму талаптарына сай мамандарды даярлауда ғылым мен техниканың үздік жетістіктерін пайдалану мүмкіндіктері мен ішкі қорларын жан-жақты іздестіруді көздейді.

Жаңа міндеттер ғылыми-танымдық әрекеттердің түрлерін, әдістерін, құралдарын жаңартуды; ғылыми-педагогикалық кадрларды оңтайлырақ пайдаланып, материалдық қамтамасыз етілуін; жоғары мектептің ұйымдастырылуы мен басқарылуын жетілдіру-

ді; студенттердің өндірістік дайындығын жақсартуды талап етеді.

Рухани қасиеттерсіз нағыз кәсіби маман болу мүмкін емес, ал рухани қасиеттер осы кәсіби дайындық барысында қалыптастырылады. Кәсібилік пен рухани-адамгершіліктің синтезі жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие үрдісін жалпы адами мазмұнмен толтырады. Бұл дегеніміз студенттердің оқу барысында алатын түрлі білімдері, тәжірибелік іскерлігі мен дағдыларымен ұштасқан тарихи, діни, эстетикалық ойлардың және адамгершілік ұстанымдарының кешені. Н.К. Бакланованың пікірі бойынша: «Кәсіптік руханилық дегеніміз – кәсіби білім, кәсіби шығармашылық, кәсіби рефлексияны өзінің кәсіби әрекетін, қызметін жоғары адами құндылық тұрғысында талдап, бағалау қабілеті. Кәсіптік білім беретін жоғары мектептің міндеті – болашақ маман бойында кәсіптік руханилықты қалыптастыру».[1].

Заманауи жоғары білім берудің идеалы рухани бай жоғары білікті тұлға болуы керек. Ол қандай мамандық алып жатқанына қарамастан, шынайы шебер, шығармашыл әлеуетті болуға тиіс. Оның болашақ қызметін мәдениеттің саласы ретінде сипаттап, әр жағдайда өзіндік бағдары мен идеалдар жүйесін бөліп көрсетуге болады.

«Шығармашылықтың байланыстырушылық, шоғырландырушылық қызметі тек жеке тұлғаны ғана әлеуметтендіру емес, барлық адамзатты, өркениетті әлеуметтендіру деп занды түрде айтуға болады. Адамзаттың өткені, қазіргісі, болашағы шығармашылықтың басталуымен, адамдардың қатысу дәрежесімен және жемісті әлеуметтік қызметімен объективті түрде тығыз байланысты». [2]

Қазіргі қоғамның ажырамас бір сипаты – оның ақпараттандырылуы, қазір өміріміздің барлық саласы, барлық қызмет түрлері толассыз өсіп отырған ақпарат ағынымен қаныққан. Ақпараттандыру кәсіптік ақпараттық қызметтің біріктірілуін қамтамасыз етеді, жұмысты жеңілдетеді: мәселені сұхбат терезесінде қояды да, оған қажет ақпаратты дереу беріп, оның жедел шешілуіне, кері байланыс орнатуға, нәтижесін бағалауға, шешімнің түрлі нұсқаларын алуға мүмкіндік тудырады.

Ресей ғалымы В.И.Вернадский компьютер пайда болмай тұрып-ақ «Ғылыми ой әлемдік құбылыс ретінде» деген кітап жазған. Сол кітабында ол адамның жаңартушы қызметі жайлы эволюциялық теориясын дамытып, адамның әлемнің биосферасын ноосфераға (ақыл-ой кеңістігіне) айналдыра алу мүмкіндігін болжаған [3].

Қазір Жер бетінде өте күрделі ақпараттық телематикалық кешен: қуаты мен жинақталуы әртүрлі компьютерлер тізбегінің үлестірілген жиынтығы, басқа да ақпараттық құрылғылар мен жүйелер, олардың арасындағы байланыс желісі, ақпараттық белгілердің (сигналдардың) коммуникациялық жүйесі құрылып, жетілдірілуде. Адамзат өзінің ақыл-ойын адамзатқа қызмет етуге қабілетті барлық адамдардың ойы мен әрекетінің нәтижесін дүниежүзілік деңгейде біріктіруге техникалық негіз қалады.

Техникалық жоғары оқу орнындағы жаңа технологиялардың, компьютерлердің, информатиканың негізгі міндеті – білім алушыға білуге, біліктілігін арттыруға, заманауи техника әлемін игеруге мүмкіндік тудыру. Мұның жағымды жақтары: жеке тұлғаның еркін дамуы, қоғамның әлеуметтенуі, коммуникативтілік, өркениет дағдарысын жеңе алу. Бұл адамды, басқаша айтқанда, «ақпараттық жұмаққа» жетелейді – ол өркениет жетістіктері туралы ақпараттар ағынына тез әрі жеңіл қосылады, соның арқасында оған шығармашылықпен білім алуға мүмкіндік туады.

Мұның жағымсыз салдары да баршылық: адамның «автоматқа» айналуы, өмірдің адамшылықтан айырылуы, мәдени деңгейдің төмендеуі, білімнің тек тандаулылар қолжетімділігі, адамдардың бір-бірінен оқшаулануы. Тағы бір жағымсыздығы – «ақпараттық құлдығы», өйткені ақпараттық жүйе адамның барлық әрекетін, әр қадамын бақылап, әрқашан назарда ұстайды. Техникалық жоғары оқу орнының студенттері техникаға «басымен кіріп» кеткен. Техника студенттердің психикасына күш түсіреді. «Технарлар» рухани, адамгершілік мәселелеріне қатысты көркем әдебиетті, классиканы аз оқиды. Ал болашақ

инженер тек жақсы маман ғана болумен шектелмей, адамгершілік тұрғыда ойлайтын жақсы адам болуға тиіс.

Университеттің оқу жоспары мен жұмыс бағдарламаларында арнайы пәндерге көп көңіл бөлінеді де, әлеуметтік-гуманитарлық пәндерге сағат өте аз бөлінеді. Осылайша, оқу жоспарының өзі тұлғаның рухани-адамгершілік жағынан қалыптасуына қажетті мөлшерде ықпал етпей отыр деуге болады. Басқаша айтқанда, арнайы пәндердің тым көп болуы бір жағынан жақсы әсер етсе, екінші жағынан жағымсыз да із қалдыруда деп болжауға болады.

Қазіргі әлемдегі техникалық білімнің маңыздылығын айта отырып, руханилық, адамгершілік қасиеттер әрқашан басымдыққа ие екенін есепке алмауға да болмайды, әсіресе біздің еліміз үшін. Өйткені тәуелсіздік алғанға дейін елімізде «қос тілділік – қос қанатын» деп ұрандатып жүріп, үш ұрпақ сыңар қанат – орыс тілді болып кеткен болса, енді үштілділікке бет алдық. Тегінде, адам қай тілде сөйлеп, білім алса, сол елге қызмет етеді. Ал

біздің университетімізде білім алудың негізгі тілі – ағылшын тілі екені белгілі. Бұл да біздің студенттерімізге екі ұдай әсер етеді. Қазіргі жастарымыздың жаһандануға жақындығы ұлтымыз, ұлттық мәдениетіміз бен тіліміз үшін алаңдатушылық тудырады. Себебі ана тілінен алшақтаған, ұлттық салт-дәстүрді білмейтін, ұлттық мәдениетті менсінбейтін адамның ойлау жүйесі де, мінез-құлқы да, өз халқына, өз Отанына көзқарасы да мүлде бөтен болады. 2017 жылы біздің елімізде «Рухани жаңғыру – болашаққа бағдар» атты мемлекеттік бағдарлама тегіннен-тегін қабылданған жоқ деуге болады.

Қорыта айтқанда, қазіргі жағдайда тұлғаны рухани-адамгершілік жағынан қалыптастыру көкейкесті болып отыр, әсіресе техникалық жоғары оқу орындары үшін. Болашақ маман тек жақсы инженер болып қана қоймай, жалпы адами қасиеттерге ие болуға, өз ана тілін біліп, халқының мәдениеті мен салт-дәстүрін қастерлеуге тиіс. Ал біздің міндетіміз – оқу барысында жақсы адам болып қалыптасуына ықпал ету,

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бакланова Н.К. Профессиональное мастерство и духовность. / Бакланова Н.К. Тезисы научно-практической конференции молодых ученых. – М.: МГУКИ, – 1998. – С.83
2. XXI век: духовно–нравственное и социальное здоровье человека: Сб. тезисов и докладов международной научно-практической конференции. М.: МГУКИ, 2001, С.5
3. Вернадский В.И. Размышления натуралиста. Кн.2. – М.: Наука, 1977. – С.191.